Мемлекеттік сатып алудың
№2 шарты

Миялы ауылы «01» сәуір 2025 жыл

«Миялы ауылдық округі әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі келесіде «Тапсырыс беруші» атаулы Миялы ауылдық округінің әкімі А.Багдаров жүзінде, Ережеге сәйкес және келесіде «Орындаушы» «Габдуллин Айдос Аскарович» ЖК атаулы, басшысы А.А.Габдуллин жүзінде негізінде Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII Мемлекеттік сатып алутуралы Заңының 16 бабының, 3 тармағының, 3 тармақшасы негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1. Шарттың мәні

1.1. Шарттың мәні: **Шаруашылық құралдарын сатып алу.**

Бюджеттік бағдарлама: 124- Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты.

107- «Жергілікті атқарушы органың шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу», 149 - «Өзге де қорларды сатып алу» ерекшелігі.

1.2. Шартты жасау үшін, ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес болу керек.

1.3. «Орындаушы» «Тапсырыс берушіге» жұмыстарды орындауға міндетті, ал «Тапсырыс беруші» атқарылған жұмыстарға төлеуге міндетті.

2. Есеп айыру тәртібі

2.1. **Шарттың жалпы сомасы Барлығы: 3 090 000 (Үш миллион тоқсан мың) теңге 00 тиын. Өнім беруші ҚҚС-ын төлеуші болып табылмайды.**

2.2. Төлеу мерзімі: төлем жұмыстарды қабылдап алғаннан кейін қойылған есеп-фактураларға және жүк құжаттарға сәйкес.

2.3. Есеп айыру түрі - «Орындаушының» есеп айыру шотына ақшалай аудару жолымен.

3. Тапсырыстың әкеліну мерзімі.

3.1. Жұмыстарды орындау мерзімі келісім шарт жасалған күннен бастап жалғанған қосымшаға сәйкес есептесу.

3.3. «Орындаушының» міндеті жұмыстарды тапсыруда «Тапсырыс берушіге» атқарылған жұмысты «Сатып алушыға» немесе оның көрсетілген адамына тапсырылған жағдайда, орындалды деп саналады.

3.4. Қызметті алып-тапсыру тәртібі есеп-фактураға және жүк құжаттарға сәйкес қамтамасыз етіледі.

4. Тауардың сапасы.

4.1. Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарт бойынша тауарларды орындау нәтижелерінің ЖСҚ сәйкес болатынына, Тауарлардың оның сапасын ЖСҚ-ның сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатынына кепілдік береді. Осы талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде жеткіліксіз негізделген және рұқсатсыз өзгерістерді қамтитын Тауарлар ақаулы деп танылады.

4.2. Мердігер/Орындаушы Тапсырыс берушіге пайдалануға кепілдікті 1 жыл мерзіміне береді.

4.3. Мердігер-Орындаушы орындалған Тауарларды және Тауарларға байланысты барлық ресурстарды жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

Орындаушы жоғарыда айтылғандарға байланысты шеккен барлық шығындар Тапсырыс берушінің тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

5. Екі жақтың міндеттері мен даулыны шешу тәртібі.

5.1.Тараптар өз міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда осы Шарт шеңберінде барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

5.2.Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол бақылау шотында ақшаның жеткіліксіз болған жағдайларды есептемегенде, егер Тапсырыс беруші өзіне тиесілі қаражатты Орындаушыға Шартпен қаралған мерзімдерде төлемесе, онда Тапсырыс беруші Орындаушығакешіктірілген әр күн үшіншарттың тиесілі сомасынан 0,1% мөлшерінде

тұрақсыздық айыбын (айыппұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімақы) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасынан 10%артпауы тиіс.
5.3.Тауарларды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.
5.4.Орындаушы Тауарларды орындаудан бас тартқан немесе Шарт бойынша Жұмыстарды орындау мерзімі өткен күннен бастап бір айдан астам мерзімде, бірақ Шарттың қолдануы аяқталу мерзімінен кешіктірмей Жұмыстарды орындау мерзімін кешіктірген жағдайда, Орындаушыдан мерзімін кешіктірген әр күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) өндіре отырып, осы Шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқығы бар.
Бұл ретте Тапсырыс беруші барлық орындалған (қабылданған) Тауарлардың құны үшін төлем жүргізеді.
Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) төлеуосы Шартта көзделген міндеттерді орындаудан Тараптарды босатпайды.
5.5.Кез келген өзгеріс Шарт бойынша тауарларды орындау үшін Орындаушыға қажетті құнның немесе мерзімнің азаюына әкелетін болса, Шарттың сомасы немесе тауарларды орындау кестесі, немесе екеуіне де сәйкес түрде түзетулер енгізіледі, ал Шартқа сәйкес түзетулер енгізіледі. Орындаушылардың түзетулерді жүргізу туралы барлық сұранымдары Орындаушы Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы тапсырма алған күннен 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуы тиіс.

6. (форс-мажорлы) жауапкершіліктен босататын жағдайлар.

6.1. Кәдімгі шарттың мақсатында «Орындаушы»» жағынан бақылауға бағынбайтын, есептеудегі жаза басушылық немесе «Орындаушы» ұқыпсыздығымен және күтпеген мінезді «форс-мажор» оқиғаларды білдіреді. Бұндай оқиғалар өз қызметінің шектелмеуіне болады, олар: әскери әрекеттер, табиғи немесе сұрапыл апаттар, індеттер, тауардың жеткізілуіне карантин және тыйым салу. Егер форс-мажорлы жағдаймен ерекшеленбесе, «Өнім беруші» келісілген қызмет шартын орындау кезеңінде, уақытында жеткізбесе, шарт сомасының 0,1% көлемінде әрбір кешіккен күніне тұрақсыздық айыбын төлейді. Мемлекеттік мекеме 0,1% мөлшерінде міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өндіріп алуды қамтамасыз етуге міндетті.
6.2. Форс-мажорлы жағдай туғызылған уақытта, «Орындаушы» шарттағы міндеттерін орындауын жалғастырады және форс-мажорлы жағдайларға қарамай, балама әдістерді іздейді.

7. Шарттың мерзімі.

7.1. Кәдімгі шарт екі жаққа Қазынашылық органында міндетті тіркелген күннен бастап күшіне енеді және 2025 жылғы 31 желтоқсанына дейін жарамды.

8. Қосымша талаптар.

8.1. Екі жақтың біреуі де өзінің құқықтарымен міндеттерін кәдімгі шарт бойынша, үшінші жаққа тапсыруға құқығы жоқ.
8.2. Барлық өзгерістер, толықтырулар кәдімгі шартқа жазба түрінде екі жақпен жасалып, қол қойылады.
8.3. Өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат етіледі:
- жабдықтаушы кәдімгі шартты орындау барысында, бағасы өзгермейтін жағдайда, одан әрі жоғары сапалы және техникалық мінездемесі мен жеткізу жолы жақсырақ, тауар мен қызметтерді ұсынған кезде.
- екі жақтың келісуімен жұмыс бағасының төменделуі кезінде, қызметі және шарттың сомасына сәйкес, шартты орындау барысында, сатып алынатын тауармен қызметтің үйлесімді бағасы төмендеу жағына өзгерген жағдайда.
8.4. Өткізілген мемлекеттік сатып алудағы ұсыныстар мазмұнын өзгерткен жағдайда, жобаға келісілген шартқа өзгерістер енгізілмейді.
8.5. «Тапсырыс беруші» кез келген уақытта шартты бұзуы мындай жағдайда мүмкін:

- «Орындаушы» банкрот немесе төлеуге шамасы келмейтін болса. Бұл жағдайда, «Орындаушы» «Тапсырыс берушіге» қарағанда, қаржылық міндет жүргізбейді.
- оның әрі қарай орындалуы, мақсатқа сай болмаса, шартты бұзу себебін жариялап, шарттың міндеттері жойылған көлемімен, шарттың бұзылу мерзімі, күшке енгеннен кейін.

8.6. Жоғарыда айтылған жағдайларда «Орындаушы» шарттың бұзылуына байланысты бұзылу күні, нақты шығындарды төлеттіруге құқылы.

8.7. Жоғарыда аталған пункттердің біреуі де «Орындаушы» кепілден немесе басқа да берілген шарттағы міндеттерден босатпайды.

8.8. Екі жаққа да, бір бірден бірдей заңдық күші бар шарт, үш бетте, екі данадан құралған.

8.9. Басқасында, кәдімгі шартта қарастырылмағандары екі жақ ҚР Заңнамасына нұсқау етіп қолданады.

9. Заңды мекен-жайлармен екі жақтың реквизиттері:

«Миялы ауылдық округі әкімінің аппараты»ММ
Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылы, Т.Қарабалин көшесі, №37
БСН 961240001660
ЖСК KZ82070106KSN506030
БСК KKMFKZ2A
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ

Округ әкімі _____ **А.Багдаров**
(қолы) (аты-жөні)

«Габдуллин Айдос Аскарович» ЖК
Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылы
БСН/ЖСН 861011301217
БСК KPSTKZKA
ИИК KZ93563E350000061355
АО "КАЗПОЧТА"

Басшысы _____ **А.А.Габдуллин**
(қолы) (аты-жөні)

Қосымша №1

2025 жылғы 1 сәуірдегі

№2 келісім - шартқа қосымша

Сатып алынатын заттар тізімі

1	2	3	4	5	6
1	Рукава напорные 20 м, д100	дана	15	30000,00	450000,00
2	Рукава в сасывающий, д100	дана	3	60000,00	180000,00
3	Соединитель с хомутом	дана	12	5000,00	60000,00
4	Рукава напорные, 20м, д 150	дана	50	40000,00	2000000,00
5	Соединитель с хомутом	дана	80	5000,00	400000,00
	Барлығы				**3090000,00**

«Миялы ауылдық округі әкімінің аппараты»ММ
Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылы, Т.Қарабалин көшесі, №37
БСН 961240001660
ЖСК KZ82070106KSN506030
БСК KKMFKZ2A
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ

Округ әкімі _____ **А.Багдаров**
(қолы) (аты-жөні)

«Габдуллин Айдос Аскарович» ЖК
Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылы
БСН/ЖСН 861011301217
БСК KPSTKZKA
ИИК KZ93563E350000061355
АО "КАЗПОЧТА"

Басшысы _____ **А.А.Габдуллин**
(қолы) (аты-жөні)